



Бекітемін
«Тараз» кәсіпкөй футбол клубы
КМҚК басшысы
Ж.Ахметов

**Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы
«Тараз» кәсіпкөй футбол клубы коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша
ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы
АНЫҚТАМАСЫ**

Тараз қ.

11.07.2023 жыл

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының «Тараз» кәсіпкөй футбол клубы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді жүзеге асыру үшін төмендегі құрамда жұмыс тобы құрылды:

Ахметов Ж.К. – басшы, жұмыс тобының жетекшісі;

Байшакова Н.А. – бас бухгалтердің м.а;

Қазбеков F.E. – спорт директоры;

Накипбекова К.Т. – кадр инспекторы;

Сайлаубаева И.Д. – әдіскер.

Талдау түрі: Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін Кәсіпорын қызметін ішкі талдау.

Қамтылған кезеңі: 01.10.2022 ж.-31.03.2023 ж.

Мерзімі: 30.06.2023 ж.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды;

1. қолданыстағы құқықтық актілерді сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. ішкі құжаттардағы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. персоналды басқарумен байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

4. мұдделер қақтығысымен байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

5. мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен байланысты сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

6. бақылау функцияларды жүзеге асырумен байланысты сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

7. ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметтегі басқада мәселелерге байланысты сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

8. қаржы-шаруашылық қызметімен байланысты сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

9. жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін анықтау.

1. Кәсіпорын қызметіндегі колданыстағы құқықтық актілерде сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау" бағыты бойынша:

Казакстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазакстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңы, Қазакстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу» туралы заңы. Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы, Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оку-жаттығу процесі жүзеге асырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары түрлерінің тізбесін және олардың қызметі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы №106 бүйрығы, Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінін 2019 жылғы № 302 қаулысы, Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысы, Мәдениет, тілдерді дамыту, архив ісі және баскаруды күжаттамалық қамтамасыз ету, дене шынықтыру және спорт салаларындағы мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың жұмыскерлері, азаматтық қызметшілері үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 342 бүйрығы, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бүйрығы.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқару персоналының өз калауы бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін, жеке тұлғалардың өз құқықтары мен занды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға

ықпал ететін, нормативтік құқықтық актілерді өз бетінше түсіндіруге мүмкіндік туғызатын құқықтық оқулықтар белгіленген жок. Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар анықталған жоқ.

Колданыстағы құқықтық актілерден сыбайлас жемқорлық көріністері аныкталған жоқ.

2. Кәсіпорынның бекітілген Жарғысы Казакстан Республикасының зандарын сайкес қызмет етеді. Бірдей немесе сабақтас құқықтық катынастарды реттейтін ішкі күжаттар мен жеке құқықтық актілер арасында, сондай-ақ құқық колдану қызметі процесінде және лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктерін талдау объектісін жүзеге асыруы кезінде туындастын сәйкессіздіктер мен кайшылықтар белгіленбegen.

3. Казіргі танда Кәсіпорынның штат саны 8 бірлікті құрайды
Онын ішінде:

- басқарушы персонал 8 штат
- жаттықтырушылар, футболшылар - 108 штаттас тыс,

Камтылған кезен аралығында 2 қызметкермен еңбек шарты бұзылды, барлығы қызметкерлердің бастамасы бойынша, теріс себептермен босатылғандар жок Жұмысқа қабылданғандар саны - 1 адам. Жұмысқа қабылдау туралы бүйректар белгіленген мерзімдер мен рәсімдерге сәйкес келеді.

Кәсіпорын бос жұмыс орындарының (бос лауазымдардын) болуы туралы мәліметтерді еңбек жағдайлары мен акы төлеуді көрсете отырып, олар пайда болған куннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту орталығының бос жұмыс орындарының бірыңғай базасына және "электрондық еңбек биржасы" Мемлекеттік интернет-ресурсының түйіндемесіне жібереді (www.enbek.kz). Қызметкермен еңбек шарттарын жасасу және токтату туралы ақпарат электрондық форматта сайтка уақтылы енгізіледі (www.enbek.kz). Кәсіпорындағы кадрларға тәртіптік ықпал ету Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 64-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпорын басшылығы тарапынан тиісті бақылау қамтамасыз етілген. Кадрлардың ауысуы бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері орын алмаған.

4. Мұдделер қақтығысын реттеу бойынша:

Қамтылған кезенде мұдделер қақтығысын тудыратын жағдайлар орын алмаған және мұдделер қақтығысын алдын алу мақсатында Кәсіпорын басшылығымен кенестер өткізіліп, кеңес отырысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының базалық бағыттары және

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Занының талаптары кеңес отырысы катысушыларына түсіндіріліп, таныстырылған.

Казакстан Республикасы «Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Занының 15-бабына сәйкес, жауапты мемлекеттік лауазымды аткарған адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттілік берілген адамдарға, теңестірілген адамдарға, лауазымды адамдарға, егер мұдделер қақтығысы орын алған болса, лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынатындығы ескертілді.

Жогарыда аталған адамдар тікелей басшысына не өздері жұмыс істейтін ұйымның басшылығына туындаған мұдделер қақтығысы туралы немесе онын туындауы мүмкіндігі туралы, өздеріне бұл жөнінде мәлім болысымен жазбаша нысанда хабарлауға міндетті екендігі ескертілді.

Кәсіпорынның тікелей басшысы жогарыда аталған адамдардың өтініштері бойынша немесе басқа да кездерден аппарат алған кезде мұдделер қақтығысын болғызыбау және реттеу бойынша төмендегі шараларды уақтылы қабылдау кажеттілігі айтылды:

- жоғарыда аталған адамдарды лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттетугежәне мұдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерді орындауды басқа адамға тапсыруға;
- лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

-мұдделер қақтығысын жою бойынша өзге де шаралар қабылдауға міндетті.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша: кәсіпорынның Жарғысында көрсетілген функционалдық міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету құзыреті жоқ.

6. Бақылау функцияларын іске асыру бойынша: кәсіпорынның Жарғысында көрсетілген функционалдық міндеттеріне сәйкес бақылау құзыреті жоқ

7. Ұйымдастырушылық-баскарушылық қызметтегі басқа да мәселелерге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау: Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл және жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимылға байланысты қызмет бағыттары бойынша жұмысты ұйымдастыру тиісті деңгейде. Кәсіпорында камтылған кезен бойынша жеке және занды тұлғалардан ешқандай өтініштер түсken жоқ

8. Қаржы-шаруашылық қызметімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорында 2022 жылдын 01-30 желтоксан аралығында Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторлық тексеруі жүргізілді. Ішкі аудит барысында көрсетілген кемшіліктер толық жойылды. Ішкі аудит жүргізуде сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ және кедергі келтіру фактілері орын алған жоқ.

Прокурорлық қадағалау актілері болған жоқ. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдері мемлекетті сатып алулардың тәртібін

реттейтін қолданыстағы заңнамалар мен нормативті құқыктық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік сатып алударды өткізу мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы электрондық хабарландыру жариялау жолымен жүргізіледі. Камералық бақылау функциясы арқылы мемлекеттік сатып алуды жүргізуде заң бұзушылыктар анықталмаған, заң бұзушылыктарды жою женінде ұсыныстар енгізілмеген. Есептік кезенде жогарыда аталған функциялар бойынша сыйбайлас жемкорлық көріністері аныкталған жок.

9. Жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша: Қасіпорынның Жарғысында көрсетілген функционалдық міндеттеріне сәйкес жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету құзыреті жоқ.


Корытындылай келе қасіпорын қызметкерлеріне келесі іс-шараларды орындау ұсынылады:


1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың аудисуы бойынша жұмыстарды орындау барысында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларын сақтау және кадрларды жиі аудистуру фактілеріне жол бермеу.
2. Мұдделер қақтығысна жол бермеу.
3. Қасіпорынга келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне мерзімінде жауап беру, өтініште көрсетілген мәселелер құзіретіне кіrmесе, сол өтінішті заңнамаға сәйкес құзіретіне кіретін органға мерзімінде жолдау.
4. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері, мұдделер қақтығысы жоғары аймақтарына жататын қызметке тұрақты ішкі бақылау мен аудитті жүзеге асыру.
5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және сыйбайлас жемқорлықканөлдік төзімділікті қалыптастыруды.
6. Жұмыс барысында және жұмыстан тыс уақытта Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтау.

Ахметов Ж.К.  басшы, жұмыс тобының жетекшісі;

Байшакова Н.А.  бас бухгалтердің м.а;

Қазбеков Ф.Е.  спорт директоры;

Накипбекова К.Т.  кадр инспекторы;

Сайлаубаева И.Д.  әдіскер.